

**«8D02206 - Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Закарья Рахметолланың «Кеңес өкіметінің еуропалық эмигранттар мен иммигранттарға қатысты саясаты
(XX ғ. 20-40-жылдары)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН - ШІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) <u>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>Диссертациялық жұмыста Кеңес Одағының еуропалық саяси эмигранттар мен иммигранттарға қатысты саясатының қалыптасу негіздерін, олардың «социалистік» деген атау алған қоғамға бейімделу жағдайлары зерттелінген. Зерттеуде Кеңес өкіметінің жаппай жазалау саясатының еуропалық эмигранттар мен иммигранттардың тағдырына, әлеуметтік және қоғамдық-саяси өміріне тигізген әсерлері мен өзгерістерін көрсету мақсаты да қарастырылады.</p> <p>Осыған байланысты, Закарья Рахметолланың «Кеңес өкіметінің еуропалық эмигранттар мен иммигранттарға қатысты саясаты (XX ғасыр 20-40-жылдары)» атты диссертациялық жұмысы ғылымның басымдық даму бағыттары сәйкестігін көрсетеді.</p> <p>3) Закарья Рахметолланың «Кеңес өкіметінің еуропалық эмигранттар мен иммигранттарға қатысты саясаты (XX ғасыр 20-40-жылдары)» тақырыбына дайындаған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының 7-бағыты «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағытына және оның ішіндегі 7.2.8 «Қазақстан XX-XXI ғасырлардағы тарихи және мәдени процестердің әлемдік жүйесінде» мамандандырылған ғылыми бағытына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылымға	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады: Отан

	маңыздылығы	<u>қосалды</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	тарихында бұрын арнайы қарастырылмаған және жан-жақты талдаудың нысанасы болмаған Кеңес өкіметінің еуропалық иммигранттар мен эмигранттарға байланысты саясатын толыққанды қарастыруға тұңғыш рет ірі зерттеулер жүргізілді. Миграция мәселелерін зерттеудің дәстүрлі әдісі бойынша миграция демография мен әлеуметтану ғылымдарының объектісі ретінде қабылданса, осы зерттеуде миграция тарихы кеңес өкіметінің сыртқы және ішкі саясатының бір аспектісі ретінде қарастырылды. Диссертациялық жұмыстың маңыздылығы ашылған. Қазақстан мен Ресей архивтері қорларынан алынған зерттеу тақырыбына қатысты құжаттар тың дерек ретінде ғылыми айналымға енгізілгені анықталған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Закарья Рахметолланың диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Жұмыста 1920-1940 жылдары Кеңес Одағына қоныс аударған және еңбек иммигранттардың көші-қонының күрделі саяси және экономикалық процесі зерттелген, ол үшін ізденуші көптеген ғылыми зерттеулер мен архивтік құжаттарды жинақтап, дұрыс жіктеп, оларға талдау жасаған. Ізденуші алға қойған мақсат-міндеттеріне жету үшін тақырыптың өзектілігін айқындап, нақты міндеттерді саралап көрсетеді және оның тұжырымдарын шығарады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі жұмыста негізделген. Ізденуші зерттеу жұмысының хронологиясын ХХ ғасырдың 20-40-шы жылдары деп нақты көрсеткен. Оның жоғарғы мерзімдік нүктесі, атап айтқанда, 20-шы жылдар Азамат соғысы аяқталып, бейбіт даму кезеңінің басталуына, соған орай кеңес елі шетел иммигранттарының назарына ілігуімен, сондай-ақ Еуропаның кейбір елдеріндегі 1918-1919 жылдары жүрген революциялық қозғалыс жеңіліске ұшырап, коммунистік идеяны ұстанған топтардың эмиграция объектісі ретінде Кеңес елін таңдауымен байланысты анықталған. Кеңес өкіметінің саяси эмигранттар мен еңбек иммигранттарын қолдау саясаты сол кездерде қалыптаса басталғаны айқындалған. Келесі кезекте, сталиндік қуғын-сүргін басталған кейін кеңес өкіметінің миграциялық саясатында өзгерістер болғаны көрсетілген, еуропалық саяси эмигранттар мен

			<p>еңбек иммигранттары да басқа барлық миграциялық топтар сияқты қатаң бақылау мен қудалауға алынғаны ресми құжаттар, ғылыми зерттеулер арқылы дәлелденген. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде шетелдік мигранттар тұтастай шығыс республикаларға көшірілгені талдау арқылы айқындалған. Еуропадан Кеңес Одағына қарай бағытталған саяси эмиграция және еңбек миграциясы жалғаспай қалған кез соғыстан кейін болғандықтан, осы мерзімді ғылыми зерттеудің хронологиялық шеңберінің соңғы нүктесі ретінде көрсетілген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертациялық жұмыс мазмұны оның тақырыбын толығымен айқындайды, яғни мазмұны толықтай ашылған. Диссертацияда тараулардың барлығы өзара логикалық тұрғыда тығыз байланыста әрі тақырыптың мақсаты мен міндеттерін ашады. Ғылыми нәтижелері мен жасалған тұжырымдары зерттеудің ғылыми мазмұнын айқындау сәйкестігімен сипатталады. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, 3 тараудан, 8 параграфтан, қорытындыдан, пайдаланылған деректер тізімінен және 1 қосымшадан тұрады.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертация жұмысын жазу барысында ізденушінің алға қойған мақсаты мен міндеттері оның тақырыбына сәйкес келеді.</p> <p>Мақсаты – Кеңес Одағының еуропалық эмигранттар мен иммигранттарға қатысты саясатының қалыптасу негіздерін, олардың «социалистік» деген атау алған қоғамға бейімделу жағдайларын зерттеу. Зерттеу шеңберінде Кеңес өкіметінің жаппай жазалау саясатының еуропалық эмигранттар мен иммигранттардың тағдырына, әлеуметтік және қоғамдық-саяси өміріне тигізген әсерлері мен өзгерістерін көрсету мақсаты да қарастырылады.</p> <p>Жұмыстың міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Кеңес Одағына Еуропа елдерінен келген миграциялық ағынға қатысты саясаттың құқықтық негіздерін және XX ғасырдың бірінші жартысындағы иммиграцияны мемлекеттік реттеудің өзгеруін анықтау. - Еуропалық азаматтардың Кеңес Одағына қоныс аударуының себептерін, мигранттардың санатын және КСРО өкіметінің саяси эмигранттар мен еңбек иммигранттарына қатысты саясатының мазмұнын анықтау.

			<ul style="list-style-type: none"> - Индустрияландыру кезеңінде кеңес өкіметінің шетелден білікті кадрларды мақсатты түрде тартуға бағытталған саясатын зерделеу. - Шетелдік мигранттарды қолдау бойынша КСРО халықаралық революция күрескерлеріне көмек көрсету ұйымы (ХРККҰ) ОК қызметін талдау және баға беру. - Шетел азаматтарының кеңестік қоғамға әлеуметтік-мәдени жағынан бейімделу және саяси ықпалдасу ерекшеліктерін зерделеу. - Қазақстандағы саяси эмигранттар мен еңбек иммигранттарының күнделікті тұрмыстық өмірін зерделеу. - XX ғасырдың 30-жылдарының аяғы мен 40-жылдарындағы еуропалық мигранттардың қуғын-сүргінге ұшырау себептерін талдау.
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері зерттеу жұмысының құрылымы логикалық тұрғыдан жүйеленіп біртұтастығымен ерекшеленеді. Зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттары, оның нәтижелері және қорытындылары бөлімдерге сәйкес қамтылған. Диссертацияның әрбір тарауымен мен тармақшаларының қорытындылары арасында өзара байланыс сақталған, бір-бірімен үндеседі. Бірінші қосымшада диссертация тақырыбын толықтыратын, оның мазмұнын ашатын, архив қорларынан алынған ауқымды деректер берілген.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Диссертациялық жұмыста қаралып отырған мәселе толық әрі терең зерттелген және зерттеу нысанына байланысты әрқилы деңгейде пікір білдіретін ғылыми көзқарастар, ғылыми пайымдаулар жасалған. Ізденуші отандық және шетелдік ғылыми ізденіс нәтижелеріне сүйене отырып және ресми архив деректері бойынша сыни талдаулар жүргізеді.</p> <p>Зерттеу нәтижелері халықаралық ғылыми конференцияларда сынақтан өткен.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып 	<p>Диссертация жұмысының ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Кеңес Одағы саяси эмиграцияны қабылдаған елдердің көшбасшыларының бірі болды. Көптеген еуропалық</p>

		табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	мемлекеттермен салыстырғанда, КСРО олардың елде ресми мәртебесін қабылдау және белгілеу үшін заңнамалық-құқықтық базаға ие болды. Осы себепті, бұл жағдайда азаматтықтың ресми белгісі маңызды рөл атқармады деп санауға болады: шетелдік колония жаппай қуғын-сүргін басталғанға дейін біртұтас әлеуметтік организм ретінде жұмысын жалғастырды. Диссертацияның ғылыми нәтижелері жаңа, кейбіреуі зерттеулер тақырыбы бойынша автордың мақалаларында жарияланды, оның ішінде бірлескен авторлықта.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындыларын толығымен жаңа деп қабылдауға болады. Диссертациялық жұмыста қарастырылған Кеңес Одағына өткен ғасырдың 20-40-шы жылдарында келген еуропалық саяси эмигранттар мен иммигранттарға байланысты кеңестік саясат сараланып, талдау толыққанды жүргізілген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Гуманитарлық ғылым бағыттағы диссертацияда экономикалық немесе басқару шешімдері анықталмайды.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Закарья Рахметолланың диссертациясында алынған әрбір нәтиже ғылыми тұжырымдарға негізделген, зерттеу жұмысындағы қорытындылар мен тұжырымдардың барлығы деректерді талдау (әсіресе, архивтерден алынған құжаттарға), гуманитарлық ғылымда орныққан теорияларға сүйену, қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты ғалымдар тарапынан бұрын-соңды айтылған пікірлерді сараптау арқылы олардың шынайылық дәрежесінің жоғары болуы қамтамасыз етілген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме?	Закарья Рахметолланың зерттеуі қазіргі халықаралық қатынастарда, әлемдік саясатта өзекті мәселелердің қатарына жататын миграциялық процестерге жақын, өйткені бұл проблема

қағидаттар	<p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>өткен тарихтың әр кезінде болып тұратын құбылыс. Ал ізденуші сол өткен тарихтың, яғни ХХ ғ. 20-40 жж. кеңес өкіметінің еуропалық эмигранттар мен иммигранттарға қатысты саясатын қарастырған. Зерттеу барысында басқа шектес ғылымдармен байланысы айқын көрінеді. Ізденуші диссертацияда қалыптастырылған әрбір нәтижесінің (ғылыми қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жаңашылдық деңгейі:</p> <p>1-қағидат бойынша диссертациялық жұмыста КСРО-ға Еуропадан келген мигранттарға қатысты көптеген архивтік құжаттар Кеңес өкіметінің еуропалық саяси эмигранттарға қатысты саясаты кеңестік идеологияға сәйкес жүргізілгенін көрсетеді. Мысалы, коммунист мигранттар жұмысқа орналасуда, мемлекеттен әлеуметтік көмек алуда артықшылықтарға ие болды.</p> <p>7.1. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар ғылыми тұрғыдан негізделген.</p> <p>7.2. Тривиалды емес.</p> <p>7.3. Қағидаттар жаңа, себебі Еуропадан келген мигранттарға қатысты Ресей және Қазақстан архив қорларынан алынған құжаттарға сыни тұрғыдан талдау жасалып, ғылыми айналымға енгізіліп отыр.</p> <p>7.4. Қолданылу деңгейі кең.</p> <p>2-қағидат бойынша Кеңес мемлекетінің еңбек иммиграциясына қатысты саясаты таза прагматикалық сипатта болғанын ізденуші тағы да құжаттар арқылы дәлелдейді. Заңнамалық құжаттарға сүйене отырып, экономиканы жаңғырту кезеңінде Кеңес үкіметінің еңбек иммигранттарын таңдау саясатын жүргізгенін көрсетеді. Кеңес Одағының экономикасына шетелдік еңбек ресурстарының ағымының негізгі түрлері айқындалып, оларды мамандар мен жұмысшылар индустриаландыру мақсатына сай іріктеп алынғаны көрсетілген және оларды тарту үшін өкіметтің қаражатты аямағаны диссертациялық жұмыстың 2-ші тарауының «Еуропа елдерінен Кеңес Одағына еңбек иммиграциясы» деп аталатын 2.2 тараушасында баяндалған.</p> <p>7.1. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар заңнамалық құжаттар, сандық мәліметтер, пайыздық көрсеткіштер арқылы ғылыми</p>
------------	---	---

			<p>тұрғыдан негізделген.</p> <p>7.2. Тривиалды емес.</p> <p>7.3. Қағидаттар жаңа, себебі 1920 жылдардың ортасынан бастап шетелдік жұмысшылар мен мамандардың едәуір бөлігі КСРО-ның өнеркәсіп саласында жұмыс істегендігі, еңбек иммигранттарының жергілікті тұрғындардың жағдайларымен салыстырғанда жақсы болғандығы деректер арқылы дәлденген.</p> <p>7.4. Қолданылу деңгейі кең.</p> <p>3-қағидатта ХРККҰ ұйымы еуропалық мигранттарға материалдық жағынан көмек көрсетіп отырғандығы, алайда, жергілікті биліктің күш-жігеріне қарамастан, қабылданған шаралар жеткіліксіз болып шыққандығы, бұл шетелдік мамандардың қатты наразылығына әкеліп, олардың кеңестік жүйеден көңілі қалуына және олардың бір бөлігін Отанына қайтаруына әкелгені айқындалған.</p> <p>7.1. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар ғылыми негізделген. Атап айтқанда ХРККҰ немесе шетелде «Қызыл көмек» деп аталған ұйым шеңберінде еңбек иммигранттары мәселелері (жұмысқа тұрғызу, отбасы мүшелерін баспанамен қамтамасыз ету, азық-түлік жеткізу т.с.с.) реттеліп отырған.</p> <p>7.2. Тривиалды емес.</p> <p>7.3. Қағидаттар жаңа. Өйткені ХРККҰ еуропалық саяси эмигранттарды қолдау бағытындағы қызметі бірінші рет қазақ тілінде зерттеліп отыр.</p> <p>7.4. Қолданылу деңгейі кең. Себебі, бұл мәліметтерді халықаралық ұйымдар қызметі, шетелдік иммигранттар туралы еңбектер жазу барысында қолданылуға болады деп есептейміз.</p> <p>4-қағидат бойынша КСРО-ға келген көптеген эмигранттардың социалистік мемлекет құрудың ұлы экспериментіне қатысуы, олардың басым көпшілігі жақын арада әлемдік революция болады деп үміттері және Кеңес Одағына эмиграция тұрақты болмаған жағдайда отанына оралу мәселесі баяндалған. Осыған сәйкес:</p> <p>7.1. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар ғылыми негізделген. Ізденуші көптеген деректердің түрлерін пайдалана отырып,</p>
--	--	--	--

			<p>бірқатар шетелдік және отандық ғылыми зерттеулер арқылы негіздеген.</p> <p>7.2. Тривиалды емес.</p> <p>7.3. Қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4. Қолданылу деңгейі кең.</p> <p>5-қағидат. Ізденуші екінші дүние жүзілік соғыстан кейін халықаралық қатынастар жүйесіндегі жағдайдың өзгеруіне, атап айтқанда КСРО-ның Еуропаның кейбір елдерімен қарым-қатынасының нашарлауына байланысты көптеген экономикалық және саяси иммигранттар үшін қауіп-қатерлерге тап болғандығын баяндайды. Әсіресе иммигранттарға олардың түрмеге түсіп қалу жағдайы немесе атылып кету қауіпі болғандығы көрсетілген. Кейбір мигранттар КСРО азаматтығын алып, олар үшін Кеңес Одағы «екінші отанына» айналғаны нақты дәлдер арқылы көрсетілген. Осыған байланысты:</p> <p>7.1. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар ғылыми негізделген. Атап айтқанда саяси эмигранттар кеңестік жүйенің, кеңестік саясаттың тұтқынына түсіп, олардың оқшаулануы, құзырлы органдардың бақылауында болуы, этникалық негізде әкімшілік қудалауға ұшыраулары деректер арқылы негізделген.</p> <p>7.2. Тривиалды емес.</p> <p>7.3. Қағидаттар жаңа. Мысалы, иммигранттардың кеңес өкіметі тарапынан бұрын-соңды болмаған қысымға тап болғандығы, тіпті дипломатиялық поштаға қол сұқпау принципі бұзылғандығы тәрізді көптеген әрекеттер кеңес өкіметі тарапынан жүргізілген таңқаларлық қадамдар екені деректер арқылы нақты көрсетілген.</p> <p>7.4. Қолданылу деңгейі кең.</p> <p>6-қағидат. Еуропалық мигранттардың Кеңес өкіметі тарапынан жүргізілген репрессиялық әрекеттерге қарсы кепілдігі болмады. Ізденуші еуропалық мигранттардың едәуір бөлігі қуғын-сүргінге ұшырағанын құжаттар арқылы дәлдеп баяндайды.</p> <p>7.1. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар ғылыми негізделген. Мысалы, қуғын-сүргінге ұшыраған шетелдік азаматтардың тағдыры КСРО жеріндегі Көптеген қуғын-сүргінге ұшыраған шетелдік азаматтардың тағдыры лагерьлермен байланысты.</p>
--	--	--	---

			<p>ТЕМЛАГ, Карлаг, Степлаг, АЛЖИР иммигранттардың тағдарларын шешті. Осылардың бәрі естеліктер, хаттар, сандық мәліметтер арқылы негізделген.</p> <p>7.2. Тривиалды емес.</p> <p>7.3. Қағидаттар жаңа. Оны ізденуші қуғын-сүргінге ұшырағандардың қатарында құрамы аз, әртүрлі себептермен Кеңес Одағына тұруға келген көптеген этникалық қауымдастықтар, оның ішінде еуропалықтардан италиялықтар, словендер, венгрлер, хорваттар, румындар, шведтер тәрізділердің болуымен көрсетеді және сандық мәліметтермен дәлелдейді.</p> <p>7.4. Қолданылу деңгейі кең.</p> <p>7-қағидат. Ізденуші Екінші дүниежүзілік соғыс басталғаннан кейін көптеген шетелдік мигранттардың басқа халықтармен бірге Қазақстанға көшірілгендігін, олардың Қазақстан қоғамының түрлі салаларын дамытуға зор үлес қосып, кейбіреулері өмірлерінің соңына дейін Қазақстанда қалғанын диссертациялық жұмыстың 2.3 тараушасы арқылы көрсетеді.</p> <p>7.1. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар ғылыми негізделген. Атап айтқанда, Қазақстанның әр облыстарына – Ақтөбе, Алматы, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды және басқа қалаларға орналастырылған иммигранттар туралы мәліметтер шынайы.</p> <p>7.2. Тривиалды емес.</p> <p>7.3. Қағидаттар жаңа. Мысалы, 1941 жылдың соңында Алматыға келген және осында орналасқан испандықтар туралы мәліметтердің қазақ тілінде бірінші рет берілуін жаңа деп есептеймін.</p> <p>7.4. Қолданылу деңгейі кең. Себебі, қазір елімізде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнаулы Жарлығымен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толықтай ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылғаны белгілі. Комиссия бірнеше жинақтар әзірледі және дайындау үстінде. Диссертацияның осы тараушасын аталған комиссия мүшелері жинақ әзірлеу барысында қолдануға болады деп есептеймін.</p> <p>7.5. Закарья Рахметолланың «Кеңес өкіметінің еуропалық эмигранттар мен иммигранттарға қатысты саясаты (XX ғасыр 20-</p>
--	--	--	---

			40-жылдары)» атты диссертациялық жұмысын жазу барысында зерттеу тақырыбы бойынша 11 ғылыми мақала жариялаған. Солардың ішінде 5 мақала ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Ғылым және жоғарғы білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті тарапынан ұсынылған басылымдарға, 1 мақала Scopus базасына енген журналға, 3 мақала халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинақтарына басылып шыққан.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	1) Зерттеу жұмысының әдіснамасы нақты жазылған. Зерттеуде қолданылған әдістер дәйекті, дұрыс таңдалған. Салыстырмалы тарихи, статистикалық әдістер мен бейнелеу және сандық өңдеу әдістеріне сүйене отырып, Кеңес Одағының көші-қон саясатын қалыптастыру процесін бақылауға, оның сандық және сапалық сипаттамасын беруге, тұрғын үй-тұрмыстық еңбек жағдайлары мен шетелдіктердің өмірінің тұтас көрінісін жасауға мүмкіндік туды.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	1) Ия. Зерттеу нәтижелері ҒЖБҚЕК ҚР БҒМ рецензияланған және халықаралық рейтингтік тізімдегі ғылыми журналдарда, сондай-ақ көптеген халықаралық ғылыми конференцияларда шығарылған. Сонымен бірге диссертацияның қосымшасында берілген құжаттарды көрсету үшін компьютерлік технологияларды пайдаланған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Иә. Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар дәлелденген. Маңызды дерек көздер сілтемелермен расталған. Олар өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттер. Автор жеткілікті санды көлемімен зерттеуге арналған көздерді пайдаланды.

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Расталған. Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған нәтижелер мен қорытындылардың шынайылық дәрежесін диссертацияның мазмұнынан көруге болады. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге, архивтік деректерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Зерттеу жұмысы 186 библиографиялық сипаттамадан тұрады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия ; 2) жоқ	Ия. Диссертациялық зерттеу барысында пайдаланылған теориялық-әдіснамалық қағидаттар бұдан әрі басқа зерттеу жұмыстарында да пайдаланылуы мүмкін. Диссертацияның ғылыми маңыздылығы ол материал талдау қорытындылары кеңестік кезеңнің тарихын объективті түсінуге қосқан елеулі үлесі болып табылатындығында көрінеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия ; 2) жоқ	Ия. Диссертациялық зерттеудің қолданбалық маңызы жоғары, алынған нәтижелерді дәрістер оқуда, оқу құралдарын дайындауда, әлеуметтік-саяси тарих, күнделікті өмір тарихы бойынша арнайы курстар әзірлеуде пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа ; 2) жартылайжаңа (25-75% жаңаболыптабылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Диссертациялық зерттеудің қорытындылары тарихнамалық еңбектер жазуда да практикалық мәнге ие, өйткені отандық тарихнамалық оқулықтарда, отан тарихына арналған көптомдық еңбектерде талданбай келген сыртқы миграция мәселесі туралы олқылықтың орнын толтырады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың сапасы «Тарих» білім беру бағдарламасының философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалатын зерттеудің талаптарына сәйкес келеді. Академиялық жазу сапасы жоғары сауатты ғылыми тілде жазылған. Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерінің құндылығын бағалай келе, мынадай ұсынысты атап өтейік:

			<p>1. Диссертация мәтінінде ағылшын, француз мигранттары туралы ақпараттар кездеспейді. Мүмкіндік болса, неге КСРО кеністігінде ағылшын, француз мигранттары болған жоқ немесе олар аз болса неліктен, қандай факторлар әсер етті деген сұрақтарды қарастырсаңыз жақсы болушы еді. Өйткені бұл сұрақтар барлық ғылыми ортаны қызықтырады ғой деп есептеймін. Бұл менің жеке тарапымнан ұсыныс болғандықтан, диссертациялық жұмыстың құндылығын түсірмейді.</p>
--	--	--	--

Қорытынды: Закарья Рахметолланың «Кеңес өкіметінің еуропалық эмигранттар мен иммигранттарға қатысты саясаты (XX ғ. 20-40-жылдары)» атты диссертациясы ҚР Ғылым және жоғары білім сапасын қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сай орындалған, толық аяқталған жұмыс. Диссертация авторына «8D02206 - Тарих» білім беру бағдарламасының философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімді ұсынамын.

Ресми рецензент:

академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
бүкіләлем тарихы және халықаралық қатынастар
кафедрасының профессоры, т.ғ.к.

Г.М. Смағұлова

